

РУКОВОДСТВО НАЦИОНАЛЬНОЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ КОМПАНИИ УДЕЛЯЕТ ОГРОМНОЕ ВНИМАНИЕ ОБНОВЛЕНИЮ ПАРКА ПАССАЖИРСКИХ ВАГОНОВ. НЕСМОТРИ НА ВСЕ ТРУДНОСТИ, КОЛЛЕКТИВУ ЗАВОДА «ТҰЛПАР» ПРИ ПОДДЕРЖКЕ ПРАВИТЕЛЬСТВА И АО «НК «ҚТЖ» УДАЛОСЬ СОБРАТЬ ДВА СОСТАВА, ИЛИ 62 ВАГОНА, И ПРАКТИЧЕСКИ ВЫПОЛНИТЬ ПРОИЗВОДСТВЕННУЮ ПРОГРАММУ В ПОЛНОМ ОБЪЕМЕ. НАДО ОТМЕТИТЬ, ЧТО ДАННЫЕ ВАГОНЫ ПОЛНОСТЬЮ СОБРАНЫ НА ЗАВОДЕ, И У ТЕХНОЛОГОВ-ПРИЕМЩИКОВ ОТ АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» В ХОДЕ ПРИЕМКИ ВОПРОСОВ К СБОРКЕ ВАГОНОВ НЕ ВОЗНИКАЛО.

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,  
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№69 (2784)  
06/09/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ПЛЕЧОМ К ПЛЕЧУ ПРОТИВ ОГНЯ

**В Костанайской области пятый день ведется борьба с огненной стихией. Возгорание возникло 2 сентября, а уже на следующий день в связи с угрозой жизни и здоровью пассажиров были приостановлены железнодорожные и автомобильные сообщения, проходящие по данному участку, до нормализации ситуации.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай

Сгорели десятки жилых домов, сотни местных жителей в одночасье остались без крова. Их эвакуировали в безопасное место. ЧП повергло в шок весь регион. Уже 3 сентября огненный смерч вплотную подступил к Аманкарагайской нефтебазе и электроподстанции. Катастрофа грозила перейти на уровень техногенной. Но в самый решающий момент на пути огненного смерча встали железнодорожные пожарные поезда. Четыре состава прибыли со станций Тобол, Костанай, Кушмурун, Есиль, пятый направлен со станции Атбасар. Два поезда прибыли на тушение огня в Аманкарагайский лесхоз еще 2 сентября, остальные были переброшены сюда по мере нарастания стихии.

Плечом к плечу с сотрудниками МЧС боролись с огнем и железнодорожные пожарные. Против огнеборцев было все: высокая температура

воздуха до 36-38 градусов, скорость ветра достигала 28 метров в секунду.

На перегоне Казанбасы – Апановка пламя подступило к железнодорожному полотну на расстояние три метра. В целях безопасности движение поездов было остановлено. Созданный на месте оперативный штаб оценил всю серьезность обстановки и затребовал помощь, которая пришла из Нур-Султана, Акмолинской и Северо-Казахстанской областей. Кроме того, были задействованы сотрудники полиции и служащие национальной гвардии для пресечения случаев мародерства и недопущения граждан в опасную зону.

Возгорания были зафиксированы в трех районах области – Карасукском, Карабалыкском, Аулиекольском. Но самая критическая ситуация сложилась в Аулиекольском районе, на территориях Басаманского, Аманкарагайского лесхозов. Министр по чрезвычайным ситуациям Юрий Ильин провел здесь воздушную



разведку, чтобы определить направление пожара и перегруппировать средства. Оперативно эвакуировали 1 841 человека из сел Озерное, Аманкарагай, Калининно, Лесное, обеспечив временной крышей и питанием. На место пожара также

выехали руководство Костанайского отделения грузоперевозок и отделения магистральной сети, для максимально быстрого и оперативного решения возникающих проблем.

Окончание на 3-й стр.

### ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

ҚР Үкіметі отырысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясын трансформациялау бойынша алдағы жоспарлармен бөлісті.

Сала министрінің айтуынша, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ны ұлттық көлік-логистикалық компанияға трансформациялау шеңберінде бірқатар жайттар ұсынылып отыр. Атап айтқанда, құжаттармен үздіксіз алмасуды, халықаралық нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «Бірұғай цифрлық дәліз» құра отырып, «тар жерлерді» жою, үйлестіру арқылы әлемдік көлік-логистикалық компаниялармен бірігу; PSA-мен бірлесіп көлік дәліздерін цифрландыру; сондай-ақ, Иран, Әзербайжан, Грузия және Түркия порттарында сыртқы терминалдық дәліздер құру іске аспақ.

Сонымен қатар корпоративтік шешімдерді қабылдауға, тарифтік саясатты келістеу және операциялық қызметті арттыруға қатысу арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның операциялық қызметінде мемлекеттік реттеуді күшейту жоспарланған. Сондай-ақ, көлік-логистика саласын одан әрі дамыту үшін ғылыми-қолданбалы эзирлемелердің ұлттық базасын құруға ниетті. Аталған іс-шараларды іске асыру Қазақстанның 2030 жылға дейінгі көлік-логистикалық әлеуетін дамыту тұжырымдамасында бекітілмек.

Нұрбек БЕКЕН

### Инфрақұрылым

## МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖАҢАРАДЫ

**Жыл сайын магистральдық желіні жаңартып-жаңғырту – жоспарлы түрде жүзеге асырылатын шара. Темір жолдың қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыратын жөндеу жұмыстары биыл да кестеге сай жүріп жатыр. Үстіміздегі жылдың жеті айында күрделі жөндеу жұмыстары үшін 1,4 мыңға жуық технологиялық «толаскез» берілген.**



**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Нұр-Сұлтан

«Толаскездің» ұзақтығы 8,7 мың сағаттан асады. Қазір жүк тасымалы жоғары телімдерде жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Межеленген көлемді мейлінше орындау үшін «толаскезге» жол машиналары мен механизмдер жұмылдырылған. Мамандардың айтуынша, «толаскез» кезінде жолдар, байланыс желісі, белгі беру, орталықтандыру және блоктау құрылыстарына

жөндеу жүргізілуде екен. Биыл 551 км жолды күрделі жөндеуден өткізіп, жаңа келбетке келтіру жоспарланған. Бұдан бөлек, үстіміздегі жылы шаруашылық тәсілмен 70 км жолға күшейтілген орта жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде бұл жұмыс көлемі кестеге сай орындалып, аяқталуға жақын.

Сонымен қатар 75 км жолда жаңа материалдармен тұтастай рельс тіреуішін, 164,470 км жолда тұтастай рельс табанын алмастыру межеленген. Ал 133,5 км жол

орташа және күшейтілген орташа жөндеу түрлерінен өтпек. Жөндеу жұмыстарының басым бөлігі Қарағанды, Жамбыл магистральдық желі бөлімшелерінің телімдерінде өтуде. Осы ретте, 2022 жылға арналған жол жұмыстарының барлығы Компанияның өндірістік бағдарламасы шеңберінде атқарылып жатқанын айтар едік. Жалпы жылдың соңына дейін 1054 км магистраль желісін жаңғырту көзделіп отыр.

Осы ретте, күрделі жөндеу жолдың сенімділігін ғана емес, сыртқы әсерлерге төзімділігін, сондай-ақ, пойыздардың қозғалыс жылдамдығын арттырып, пойыздардың жұмсақ жүрісін қамтамасыз ететін атар едік. Магистральдық желі дирекциясының мамандары жөндеу жұмыстары барысында басымдық транзиттік телімдерге беріліп отырғанын айтады. Күрделі жөндеу кезінде темірбетонды шпалдар мен актебелік зауыттан шығатын Р-65 маркалы рельстер кеңінен қолданылып келеді. Сонымен қатар жол күтіміне кететін шығындарды азайту мақсатында ресурскинақтаушы технологияларды, яғни қайта пайдалануға жарамды ескі материалдарды пайдаланылуда.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

### БЕСПЛАТНЫЙ ПРОЕЗД ДЛЯ ГЕРОЕВ ВОВ



**АО «Пассажирские перевозки» возобновило акцию по бесплатному проезду на железнодорожном транспорте для участников и инвалидов Великой Отечественной войны, тружеников тыла и трудового фронта.**

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Нұр-Сұлтан

Бесплатный проезд внутри страны и в пределах СНГ будет доступен вышеперечисленным категориям граждан РК, родившимся не позднее 31 декабря 1935 года. Акция продлится до конца 2022 года.

Ее цель – повышение уровня социальной защиты участников и инвалидов ВОВ, тружеников тыла и участников трудового

фронта, проживающих в Казахстане. Для своих путешествий они могут выбрать поезда всех категорий и сообщений, включая вагоны класса «Турист» (купе) и специализированные купе для лиц с ограниченными возможностями в поездах Talgo, за исключением вагонов «СВ», «Гранд», «Бизнес».

Оформить билет для бесплатного проезда можно в кассах АО «Пассажирские перевозки». Для этого необходимо предъявить документ, удостоверяющий

личность гражданина РК, а также удостоверение участника или инвалида Великой Отечественной войны, пенсионное удостоверение с отметкой уполномоченного органа о назначении специального государственного пособия как труженику тыла и участнику трудового фронта.

При следовании в страны СНГ билеты для бесплатного проезда оформляются только в пунктах продаж, расположенных на территории Республики Казахстан.

### МАРШРУТ ПОСТРОЕН



**АО «Кедентранссервис» запустило контейнерный поезд из Таджикистана в Китай.**



АО «Кедентранссервис» совместно с таджикской компанией ОАО «Железнодорожная транспортная экспедиция» по заказу ТОО «Компания Кеме» запустило контейнерный поезд из Республики Таджикистан в Китай.

Первый контейнерный поезд по маршруту Спитамен/Бекабад – Келес/Сарыагаш – Достык/Алашанькоу отправился с одного из крупнейших предприятий золотодобывающей отрасли Таджикистана – ООО «СП «Зарафшон». Поезд, сформированный из 50 сорокафутовых контейнеров. Масса перевозимого груза составляет 1 250 тонн.

Общая протяженность маршрута – 3 131 километр. Поезд пересечет границу через пограничные переходы Таджикистана, Узбекистана, Казахстана и Китая. Прогнозируется, что время в пути следования на маршруте в одну сторону составит 12 суток.

В будущем АО «Кедентранссервис» планирует организацию контейнерных поездов по данному направлению на регулярной основе. Ожидается, что основу грузопотока нового сервиса сформируют товары и грузы, экспортируемые из Таджикистана.

Айлин БАУРЖАН  
Фото автора

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ОКОЛО  
**1 400**

ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ «ОКОН» ПРЕДОСТАВЛЕНО ЗА СЕМЬ МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА ДЛЯ КАПИТАЛЬНОГО РЕМОНТА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ

В ПАРКЕ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» НАСЧИТЫВАЕТСЯ

**676**

ВАГОНОВ, ПРОИЗВЕДЕННЫХ НА ЗАВОДЕ «ТҰЛПАР» ПО ТЕХНОЛОГИИ PATENTES TALGO

ПО ИТОГАМ СЕМИ МЕСЯЦЕВ 2022 ГОДА ОБЪЕМ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК ВО ВСЕХ СООБЩЕНИЯХ СОСТАВИЛ

**623,6** тыс. доз



## ДАЛА ӨРТІ ҚАУІП ТӨНДІРДІ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



Ақтөбе облысында дала өрті теміржолға қауіп төндірді. Оқиға 2 қыркүйек күні 17:35 шамасында Әйтеке би ауданына қарасты Ұйтас станциясы аумағында тіркелді. Теміржолға төнген қауіп салдарынан жолаушылар пойызы тоқтатылды.



Құрғақ шөп тез жанып және қатты желдің әсерінен ол лезде теміржолға жеткен. Ағаш шпалдар жанып, жолдың келесі бетіне өтіп үлгерген. «Өрт теміржол бойының 1046-1053 шақырымында, Никельгау және Әйтеке би станцияларының аумағында болды. Ұйтас – Құдықсай аралығында далалық өрт теміржолға кірді. Сол күні жел жылдамдығы жоғары, ауа райы да ыстық болды. Шпалдарға әр жерден от тиді. Теміржолға қауіп байқалған сәттен бастап бірден Әйтеке би өрт сөндіру пойызы іске қосылды», – деп хабарлайды Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.


Теміржолға далалық өрт қауіп төндірмес үшін жолдың екі жағы да ені 4 метр болатындай етіп жыртылған. Бірақ желдің қатты болуынан өртті ауыздықтау оңайға түспеді. Сондықтан сағат 17:20-да «Нұр-Сұлтан-Орал» бағытындағы №58 жолаушылар пойызы тоқтатылды. Пойыз жолаушыларын тамақтандыру ұйымдастырылды. Сағат 21:00-де қозғалыс толығымен қалпына келтіріліп, пойыз сапарын әрі қарай жалғастырды. Қазір пойыздардың қозғалысы штаттық режимде.

Әйтеке би өрт сөндіру пойызы екі күн оқиға орнында болып, жұмыс жасады. Жол бойындағы әр жерден жанған шпалдар толаскездер кезінде қалпына келтірілді. Далалық өрт кезінде адамдар зардап шеккен жоқ. Өрттің жалпы ауданы 500 га құраған. Өрт сөндірушілер табиғи өрттің туындауына, олардың таралуына және елді мекендерге жақындауына жол бермеу үшін өрт қауіпсіздігін есте сақтау қажеттігін ескертеді. Қостанай облысында өрт қауіпсіздігі сейілмегендіктен қазір Никельгау станциясы басында Қандыағаш өрт сөндіру пойызы кез келген жағдайға дайын тұр.

*Суретті түсірген автор*

## АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

**Абай ЕРТІС,**  
Семей



Транзиттік жүк ағыны мол, жолаушылар нөпірі жыл он екі ай толастамайтын Семей вокзалында террорлық қауіптің алдын алу бағытындағы іс-шаралар ұдайы ұйымдастырылып тұрады.



Шаһар қақпасы саналатын теміржол бекетіндегі күзет пен қадағалау өзіндік тәртіппен жүргізіледі. Онда қызмет атқаратын теміржолшылар теологиялық әрі заңдық тұрғыдағы білімдерін жетілдіріп отырады. Ол не үшін десек, мысалы, жүріс-тұрысы, сырт келбеті күмән тудыратын радикалды бағыттағы жат ағым өкілдерімен сөйлесу және кездейсоқ күдікті зат табылған жағдайда қалай әрекет ету керектігі әр вокзал қызметкері үшін маңызды.

Жуырда осы тақырыпты өзек еткен кезекті дәріс өтті. Оған Семей өңірі бойынша дін мәселелерін зерттеу орталығы секторының меңгерушісі Мақсат Өмірханов пен талдау және ақпараттандыру-түсіндіру бөлімінің маманы Жаслан Слямханов қатысып, теміржолшыларға көп мағлұмат берді. Арнайы дәріс барысында қатысушыларға деректі фильм көрсетіліп, деструктивті діни ағымдардың қоғамға келтіретін залалы жайында әңгіме өрбіді.

Вокзал қызметкерлері қоғамдық орындардағы заңсыз миссионерлік әрекет бойынша жауапкершілік және ғибадат рәсімдерін тек белгіленген жерлерде ғана орындау, т.б. мәселелер жөнінде сауалдар жолдап, пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар, Семей станциясы желілік полиция бөлімінің аға жедел уәкілі, полиция капитаны Еркебулан Құдайбергенов сөз алып, осы бағытта атқарылуы тиіс жұмыстармен таныстырды.

Жалпы, мұндай танымдық-тағалымдық мәні зор дәрістер бөлімше көлемінде, желі бойындағы мекемелерде жиі ұйымдастырылады. Оның өзі теміржолшылардың кәсіби біліктілігіне оң ықпал етеді анық.

*Суретті түсірген автор*

## КӨМІР ТАСЫМАЛЫНДА КІДІРІС ЖОҚ



Семейлік теміржолшылар күзгі көмір тасымалына ден қоюда. Қыркүйек айының басынан тұтынушылар тарапынан сұраныс күрт артқан. Оған жергілікті атқарушы биліктің қатты отынды ерте қамдау керектігі туралы ескертуі мен «көмір бағасы көтеріледі екен» деген ел арасындағы алыпқашпа әңгіме де себеп болуда.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Бүгінгі таңда аймақ тұрғындары үшін жалпы көлемі 354,3 мың тонна көмір жеткізілген. Әйтсе де, Семей мен Защита және Аяғөз станцияларына қарасты көмір тұйықтарында қарбалас байқалады. Сол себептен де семейлік теміржолшылар көмір саудалаушы жеке серіктестіктермен, әкімдіктермен бірлесіп жан-жақты жұмыс жүргізуде. Бұл орайда өңірдегі барлық әлеуметтік нысандар мен білім беру мекемелері 100 пайызға, ал денсаулық сақтау нысандары 98 пайызға көмірмен қамтылған. Сұраныс тек жеке сектор тарапынан артуда.

Семей ЖТ бөлімшесі басшысы Владимир Бабиченконың қадағалауымен вагондарды уақытында жинап алу, бос вагондардың қиреберіс жолдарда тұрып қалуына жол бермеу, сондай-ақ, іргелес елдерден келген вагондардың станция басында кептеліс тудыр-май дер кезінде

қайтарылуын қамтамасыз ету мәселелері басымды орынға қойылған.

Сол тәрізді аймақтағы ірі қазандықтар мен жылу электр станцияларының қатты отынмен қамтылу деңгейі – 61%, шағын қазандықтар 81%-ды құрап отыр. Жалпы, қазіргі таңда тұрғындарға алғашқы қара суық түскен кезде дүрбелеңге түспес үшін көмірді қазірден бастап алуға кеңес берілуде.

– Қазіргі таңда Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты барлық теміржол тұйықтарында 13,7 мың тоннадан астам көмір бар. Оның ішінде Өскемен қаласында – 5,5 мың тонна, Риддер қаласында – 4,8 мың тонна, Глубокое ауданында – 600 тонна, Алтай ауданында – 2,6 мың тонна, Шемонаиха ауданында – 210 тонна. Бюджеттік ұйымдар 39,6 мың тонна көмірмен қамтамасыз етілген, – дейді бұл орайда бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандары.

Қазіргі күнгі көрсеткіш бойынша көмір тұйықтарына тәулігіне



орта есеппен алғанда 15-20 вагон көмір жеткізіледі екен. Әйтсе де, алдағы уақыттарда Семей, Өскемен, Шар мен Аяғөз қалалары бойынша оның санын арттыру көзделіп отыр.

Соңғы айдағы көрсеткіштерге сүйенсек, бөлімше бойынша көмір тасымалының анағұрлым артқаны байқалады. Көмір тасымалында кестеден ауытқу жоқ және тосын кедергілер туындамаған. Вагондар жетіспеушілігін шешу мақсатында алдын ала іс-шаралар қабылданған. Сол себептен де Дегелең станциясы мен Жаңа-Семей жүк стан-

циясындағы жұмыс барысы мейлінше ширатылуда. Қазіргі таңда екі станция аралығында тәулік сайын салмағы 6 200 тонналық 63 вагоннан тұратын жылжымалы құрамдар жолға шығарылуда. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш біршама артуы мүмкін. Теміржолшылар кез келген тосыннан қабылданатын шараларға дайын отыр.

Жалпы, семейлік теміржолшылар үшін меже – алдағы екі жылда 10 млн тонна көмір тиесп жөнелтуге қол жеткізу болып отыр.

*Суретті түсірген автор*

## ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМДАР – ҰТЫМДЫ ӘРІ ҮНЕМДІ



Темір жолда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылғыларды жаңартып отырудың маңызы зор. Электрмен жабдықтау саласы бойынша соңғы жылдары өндіріске жаппай пайдаланыла бастаған жарықдиодты шамдар қауіпсіздігімен қоса тиімді әрі қуат үнемдеуде ұтымдылығымен ерекшеленеді.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Атырау магистральдық желі бөлімшесінің СОБ және электрмен қамту бөлімінің бастығы Амангелді Бержановтың айтуынша, 2022 жылдың 8 айы ішінде Атырау және Ақжайық белгі беру және байланыс станцияларында өндірісті автоматтандыру, озық технологияларды өндіріске енгізу қарқынды жүріп жатыр. Атап айтқанда, Мақат-Сағыз телімінің Жамансор, Кенбай, 377-бекеттерінде, Атырау-Қиғаш телімінің Афанаев, Аққыстау, Исатай, Д. Нұрпейсова, Қызылжар, Бақсай бекеттерінде бағдаршамдардың көрінуін жақсартып және пойыздар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ескі ЖС-12/12, ЖС-12/25 шамдарын жарықдиодты ССС шамдарына ауыстыру жұмыстары жүргізілген.

– Бұл өз кезегінде өндіріске оң әсерін



байқатып, қауіпсіздіктің сенімділігін арттыра түсті. Станцияларда қозғалыс және еңбек қауіпсіздігінің сақталуына пайдасы зор болып отыр. Сондықтан, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыра түсу мақсатында Атырау электрмен жабдықтау дистанциясында Мақат, Доссор, Қарабатан станцияларының перрондарына 60 дана жарықдиодты шам сатып алынды, – дейді Амангелді Бержанов.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Атырау белгі беру және байланыс дистанциясында 2022 жылдың 3-ші тоқсанына жоспарланған Атырау-Қиғаш телімінде Аққыстау, Исатай, Афанаев бекеттеріне пойыз қозғалысы кезінде жылжымалы құрамның техникалық жағдайын автоматты түрде бақылауға арналған 6 дана жаңартылған контейнерлік техникалық жабдықтар кешенінің жүріс модульдерін орнату бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

*Суретті түсірген автор*

## МАУСЫМДЫҚ КИІММЕН ҚАМТЫЛҒАН



Қызылорда жол дистанциясында жұмысшылардың қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселесі әрдайым басшылық назарында. Әсіресе, жолшылардың қысқы-жазғы маусымдық киіммен қамтамасыз етілуі айрықша бақылауға алынған.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Техникалық қауіпсіздік және еңбек қорғау инженері Майра Бадрақованың мәліметінше биыл жыл басынан бері 23 түрлі арнайы киімге тапсырыс беріліп, маусымдық киіммен қамту 100 пайыз орындалған. Яғни, сұраныс дер кезінде келіп жетіп, жұмысшыларға таратылған.

– Биыл дистанция бойынша 541 жиынтық мақта-мата костюмі, 4215 жұп қолғап, 133 плащ, 550 жаздық бас киім, 3 дана дәнекерлеуші костюмі, 30 жұп әйелдердің бәтеңкесі, 20 жұп резеңке етік, 5 жұп диэлектрлік қолғап, 350 белгі беру жилеттеріне тапсырыс берілді. Олардың бәрі түгел алынып, еңбеккерлерге таратылды. Жұмысшылар жаздық арнайы киімдермен 100 пайыз қамтамасыз етілді. Бүгінде қысқы маусымдық киімдерді түгелдеп жатырмыз, – деді еңбек қорғау инженері Майра Бадрақова.

Жазғы аптап ыстықта жолшылар қауіпсіздігі қатаң бақылауда ұсталған. Жұмыс кестесіне уақытша өзгеріс енгізіліп, далада жұмыс істейтін жолшылардың бірін-бірі көзден таса қылмауы, таңертеңгі кешкі салқында



белгіленген уақытта жұмыс істеуі қарастырылған. Және жұмысшылардың түскі үзіліс уақытында демалуы және тамақтануы үшін қолайлы жағдай жасалған. Қазіргі таңда күн салқындап, жұмыс кестесі қалыпты жағдайға көшірілген.

Сонымен қатар, жол дистанциясының жұмысшыларына арналған қызметтік гимараттарда 393 киім шешетін гардероб, жуынып-шайынатын 26 душ, 43 қолжуғыш, 42 киім кептіретін шкаф қарастырылған. Дистанция бойынша жыл басынан бері өндірістік жарақат орын алмаған және «Жолдағы адам» жүйесі бойынша барлық жағдай бақылауда.

Жолшылардың жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасалу үшін арнайы комиссия мүшелері тарапынан жұмыс орындарының талапқа сай жайлылығын тексеру жұмыстары өткізіліп, арнайы рұқсат беріледі. Мәселен, ағымдағы жылы 2 жұмыс орын аттестациядан өткізу жоспарланып отыр. Ал зиянды жұмыс орындарында еңбек ететіндер сүт өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етіледі. Мысалы, биылғы жылы «СвязьстройСнаб-Сервис-2008» серіктестігімен келісім-шарт жасалып, 1120 литр сүтке тапсырыс берілген. Бүгінге дейін 368 литр сүт жұмысшыларға таратылған.

*Суретті түсірген автор*



## НОВЫЙ БАРХАТНЫЙ ПУТЬ



РЕМОНТ

**На перегоне Кызылжар – Туйемойнак Карагандинской области состоялось восьмичасовое технологическое окно. За это время подрядная организация ТОО «Integra Construction KZ» провела капитальный ремонт 1 400 метров железнодорожного пути.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Со стороны работа механизаторов, путейцев, разборщиков и укладчиков напоминала конвейер – стройное и организованное действие, при котором каждый выполнял свой определенный объем.

Так, капитальный ремонт пути начался с разбора старогонной решетки укладочным краном, после чего эстафету подхватил трактор, собирающий и скидывающий их на откос, за гусеничной машиной ровной поступью следуют два

мощных бульдозера, затем два небольших трактора с косыми ножами, равняющих дорогу, а дальше грейдер, срезающий почву и разравнивающий насыпь. Мощный укладочный кран равномерно без брака укладывает новую рельсошпальную решетку. Неоценимо действие и хоппер-дозаторных вертушек, предназначенных для транспортирования и отсыпки балласта. Безусловно, в капитальном ремонте пути важен электробалластер, поднимающий решетку, а также выправочно-подбивочно-отделочная машина ВПО-С, завершающая процесс

непрерывного действия. За один проход она выполняет комплекс работ по дозировке и уплотнению балласта, подбивке, выправке и отделке железнодорожного пути.

По словам ведущего инженера по приемке качества ремонта пути Карагандинского отделения магистральной сети Дархана Аманжанова, всего в технологическом окне задействованы десять единиц техники. Согласно разрядке, капитальный ремонт пути начался в 8.30 и завершился в 17.30. В период технологического окна срезается старая основа – 40 сантиметров – и производится



поэтапная укладка нового щебня.

Несмотря на сильную жару, (температура воздуха в этот день составляла более 30 градусов), рабочие четко и планомерно выполнили свои функциональные обязанности.

Как отметил исполняющий обязанности начальника Жанааркинской дистанции пути Азиз Текибаев, весь процесс осуществляется согласно новым современным технологиям.

– После завершения капремонта выполненная сотрудниками работа будет проверяться по новому утвержденному регламенту ПЧ. В плане дистанции пути на 2022 год – ремонт 47,8 километра железнодорожного полотна. Сегодня завершилось последнее окно, и будет открыт новый бархатный путь, – говорит Азиз Текибаев. – Стоит отметить, что укладка участка осуществляется на железобетонной основе.

Задействованная в технологическом окне техника – российского, европейского и китайского производства. В рабочем процессе принимают участие опытные и обученные люди – стропальщики, монтеры пути, мастера.

После оздоровления железнодорожного полотна повысится безопасность движения, а также увеличится скоростной режим пассажирских и грузовых поездов.

Фото автора

## ПЛЕЧОМ К ПЛЕЧУ ПРОТИВ ОГНЯ



(Окончание. Начало на 1-й стр.)

– Экипаж пяти пожарных поездов составил более сорока человек, израсходовано более 1 500 кубов воды. Каждый пожарный проявил в эти дни профессионализм и мужество, – отметил начальник негосударственной противопожарной железнодорожной службы Султан Смамбаев.

На самом сложном участке оказался

пожарный поезд станции Есиль под руководством Мурата Хасенова. Пожарным железнодорожникам удалось предотвратить взрыв на Аманкарагайской нефтебазе и не допустить перехода огня на тяговые подстанции по станции Аманкарагай. Кроме того, отличились начальник негосударственной противопожарной железнодорожной службы Султан Смамбаев, начальник пожарного

поезда станции Тобол Олег Сидорчук, начальник пожарного поезда станции Кушмурун Берик Асанов, начальник пожарного поезда станции Костанай Кайрат Мухтубаев, начальник пожарного поезда станции Атбасар Аманжол Шигиров, инспектор Алимгазы Габдугалиев, инспектор Батырбек Козубаев и весь личный состав указанных поездов.

В результате умелых управленческих решений руководства и мужества пожарных в ночь с 3 на 4 сентября ситуация была стабилизирована и взята под контроль. Движение поездов и автотранспорта полностью восстановлено. Площадь возгорания превысила 43 тысячи гектаров, пламя двигалось из восьми очагов.

На данный момент продолжается тушение пожара в населенных пунктах Казанбасы, Озерное, вдоль республиканской трассы М-36, а также в районах сел Баганал, Лесное, Аманкарагай. Задействованы 224 единицы техники, семь воздушных судов, пять пожарных поездов, 1 893 человека личного состава. Мы продолжаем следить за ходом событий.

Фото автора

## ПОВЫШАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ



ПОКАЗАТЕЛИ

**С начала года в Алматинском отделении грузовых перевозок перевыполнены такие показатели, как грузооборот и погрузка – 103,7% и 105,6% соответственно.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

При плане 1 220 вагонов ежедневно в отделении отгружается 1 259 вагонов. Выгрузка в среднем в сутки составила 876 вагонов (по плану 856), или 102,3%. Основная доля погрузки – это нефть, зерно, продовольственные товары, строительные материалы, зерно, продукты перемолота, импортные грузы. Стоит отметить, что по лому черных металлов выполнение составило 172%, строительным грузам – 171%, зерну – 115%.

Объем грузоперевозок контейнерными поездами сообщением Китай – Европа – Китай превысил прошлогодний уровень.

Для обеспечения расформирования составов станции Алматы-1, Алматы-2, Актогай, Уштобе, Достык оборудованы



горочными сортировочными устройствами.

Все усилия специалистов направлены на повышение участковой и технической скорости, обеспечение бесперебойного следования вагонопотока через технические станции и переходные пункты между отделениями.

Ежедневно квалифицированными работниками отделения ведется контроль над выполнением графика движения поездов, исключаются простои готовых поездов в ожидании локомотивов и локомотивных бригад.

Увеличить эффективность управления, при этом снижая

эксплуатационные затраты, позволяет Региональный центр управления перевозками (РЦУП Алматы). Благодаря новейшим технологиям и автоматизации рабочих мест поездам диспетчеры полностью отслеживают ситуацию на вверенных участках, поддерживают связь со всеми службами, получают информацию о вагонопотоке и координатах любого вагона на путях.

Особое место отводится вопросам безопасности движения поездов и культуре производства. Так, с начала года по Алматинскому отделению ГП допущено четыре случая нарушения безопасности движения, против девяти за аналогичный период 2021 года. На частных подъездных путях – 11 нарушений. Ремонтными предприятиями допущено 19, сторонними предприятиями – девять.

– Главными задачами отделения являются сохранение эффективности, безопасности и надежности перевозок. При этом нельзя забывать о клиентоориентированности и прозрачности, используя для этого новейшие передовые технологии управления, – говорит директор Алматинского отделения ГП Нурым Жаниязов.

Фото автора

## ПРОВЕРКА ГОТОВНОСТИ К ЗИМЕ



ОСМОТР

**Осенний комиссионный осмотр в Семейском отделении грузовых перевозок пройдет с 12 по 30 сентября. Он начнется с участка Актогай – Аягос Семейского региона и завершится в Защитинском регионе.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Для проведения ОКО по приказу директора Семейского отделения грузовых перевозок Владимира Бабиченко от 25 августа 2022 года создана комиссия под его руководством. В ее состав вошли главы железнодорожных предприятий, ООО «Казпрофтранс», главные региональные ревизоры де-

партамента безопасности АО «НК «КТЖ» по Семейскому и Восточно-Казахстанскому участкам, отраслевые ревизоры, специалисты Семейского, Илецкого отделений грузовых перевозок, Семейского отделения магистральной сети, сотрудники линейных отделов полиции на станциях Семей и Оскемен-1.

В период ОКО комиссия проверяет состояние подвижного

состава, производственно-технических объектов, средств, в целом состояние безопасности движения, пожарной безопасности. Она проводит идентификацию опасности по экологическим аспектам, оценку рисков, технического состояния основных фондов, а также мониторинг по устранению выявленных ранее нарушений, проверку обеспеченности предприятий необходимым инвентарем,

оборудованием, материалами и запасными частями, определение уровня профессиональной подготовки работников, проведение для них технических занятий, укомплектованность штатной численности работников для выполняемого объема работ, готовность к зимнему периоду.

В Защитинском регионе осенний комиссионный осмотр начнут 26 сентября с участка Локоть – Шемонаиха. Затем продолжат на участках Шемонаиха – Оскемен-1, Алтай – Новоустькаменогорск – Оскемен-1. На следующий день комиссия проведет проверки в рамках ОКО на участках Оскемен-1 – Риддер – Усть-Каменогорск, а 30 сентября на станции Оскемен-1 состоится узлово совещание. Подведение итогов осмотра назначили на 7 октября.

## ХРАБРОЕ СЕРДЦЕ

**Мадина ЕЛЕУКЕН,**  
Павлодар



ПОДВИГ

**Монтер пути на станции Красноармейка Еркебулан Жузбаев, рискуя своей жизнью, спас четверых человек из горящего автомобиля, попавшего в страшное ДТП.**



Авария произошла на автодороге Павлодар – Шарбакты, вблизи железнодорожной станции Маралды. Машина марки Ауди-100 загорелась, столкнувшись с прицепом КамАЗа. Долго не раздумывая, 42-летний железнодорожник кинулся на помощь пострадавшим, которые находились в салоне без сознания. Дым уже вовсю застилал салон. Еркебулан оперативно начал вытаскивать пассажиров по одному, пока очевидцы ДТП смотрели на полыхающий огонь.

– Я ехал после смены и, увидев аварию, вышел из машины для того, чтобы оказать помощь. Было понятно, что вот-вот авто загорится, пассажиры не спешили покидать салон, стало понятно, что они без сознания либо не могут открыть дверь, – рассказывает страшную трагедию Еркебулан Жузбаев. – Дернул заднюю дверь, она открылась, вытаскил одного, оттащил подалеже. Побежал за вторым. Просил огнетушитель, но ни у кого не оказалось. Кто-то дал маленький баллончик, но он не помог, достал второго пассажира. Потом один мужчина помог вытащить еще двоих человек. Мы только успели унести последнего, прошла где-то минута, и произошел взрыв!

После того как Еркебулан спас людей, их забрали кареты скорой помощи. Мужчина надеется, что все пострадавшие в скором времени придут в себя.

Сейчас павлодарцы в социальных сетях активно ищут свидетелей для того, чтобы доказать, что Еркебулан Жузбаев первым бросился спасать людей, и просят наградить героя. Родственники пострадавших уже вышли с ним на связь.

Фото автора

## ИЗ КИТАЯ В УФУ

**Любовь РОВБА,**  
Нур-Султан



ТРАНЗИТ

**Через территорию Казахстана в рамках развития сервиса FESCO Kazakhstan Shuttle запущен регулярный контейнерный поезд из Китая в Уфу.**

Состав из 50 сорокафутовых контейнеров транспортной группы FESCO с автопогрузчиками проследовал по новому маршруту в августе.

Поезд отправился с китайской станции Уйшань (провинция Фуцзянь) до станции Достык, где контейнеры перегрузили на подвижной состав колеи 1 520, а затем через территорию Казахстана в столицу Башкирии Уфу. Транзитное время в пути – 14 дней. Регулярность отправок по новому маршруту – один раз в месяц.

Развитие импортных и транзитных перевозок через Казахстан является одним из приоритетных направлений развития FESCO. Первый регулярный поезд из Китая через территорию Казахстана отправлен в Московскую область, а этим летом запущен еще один транзитный поезд из Китая в Калининград.



№69 (2784) 06/09/2022

## ЮБИЛЕЙ К ЮБИЛЕЮ



**Почетный железнодорожник Алексей Астафуров в этом году отметил свое 85-летие. Почти полвека он прослужил железной дороге, 20 из них – на профсоюзной работе. За добросовестный многолетний труд в железнодорожной отрасли ему был вручен юбилейный знак «30 лет ОО «Казпрофтранс».**

Родился Алексей Михайлович в марте 1937 года в селе Знаменское Темирского района Актюбинской области. С десяти лет в летнее время работал сезонным рабочим. По окончании семилетки поступил на годичные курсы счетоводов. До призыва в армию трудился в родном колхозе «Путь к социализму».



С молодой супругой Валентиной они начали трудовую деятельность на станции Кандагач (ныне Кандагаш) Актюбинского отделения ПТ. На выбор профессии повлияли его дядя, проработавший 15 лет в Гурьевском отделении дороги начальником разъезда №315, и тесть, который более 50 лет трудился в вагонном хозяйстве Актюбинского отделения дороги. Валентина Николаевна устроилась спецоператором, а Алексей Михайлович помощником машиниста станции Кандагач. Работал и при этом учился в вечерней школе. Вместе с су-

ругой поступили в 1962-м на заочное отделение Ташкентского института инженеров железнодорожного транспорта. За эти годы был мастером, начальником электростанции, начальником Кандагачского района электросетей, избирался депутатом поселкового, городского и районного советов.

– В 1970 году Кандагачскому району электросетей было присвоено звание предприятия коммунистического труда, а я был награжден юбилейной медалью «За доблестный труд» к 100-летию рождения В. И. Ленина, – вспоминает ветеран. – В

начале 1970-х принимал непосредственное участие в работах по усилению провозной и пропускной способности отделения дороги. Потом возглавлял вновь организованный Мангышлакский энергоучасток, а в 1975-м был организован Уральский энергоучасток, и меня направили туда. За десять лет возглавляемый Астафуровым коллектив провел капитальный ремонт продольной высоковольтной линии автоблокировки, работу по освещению перронов, переэдов, хозспособом построил пять пунктов электропитания, типовую базу энергоучастка, жилой 76-квартирный дом с долевым участием предприятия узла. За достигнутые успехи Алексей Михайлович награжден знаком «Почетный железнодорожник».

С 1986 года избран председателем райпрофсоюза Уральского отделения дороги, где проработал до 1 апреля 2006 года. Был участником пленума ЦК профсоюзов железнодорожников Казахстана, делегатом съезда профсоюзов МПС СССР (Министерства путей сообщения) в 1990 году. Непростые годы ему выпали, но именно такие люди, как Алексей Астафуров, сумели сохранить отрасль и перестроить ее работу в новых условиях. Его сыновья Александр и Владимир пошли по стопам отца, внуки тоже выбрали профессию, связанные с железной дорогой.

**Анна ПАНИЩЕВА, Уральск**  
Фото автора

## ЛОКОМОТИВШІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

**Маңғыстау локомотив пайдалану депосының бір топ қызметкері ұлттық компанияның 25 жылдығына орай мерейтойлық төсбелгімен марапатталды. Олар – Маңғыстау, Бейнеу, Өзен, Шетпе станциясында еңбек етіп, Маңғыстау локомотив депосының шаруасын дөңгелетіп отырған тепловоз машинистері мен өзге де мамандар.**



Маңғыстау локомотив депосынан кеудесіне «ҚТЖ - 25 жыл» төсбелгісін таққандар қатарында депо бастығы Сандыбай Күзембаев, машинист-нұсқаушы Руслан Екшембиев, екінші класты тепловоз машинистері Сырым Әлжанов, Үргенішбай Абенев, Әмірхан Абдрахманов, Бисенбай Құрмантаев, Бегкен Ахметов, инженер-технолог Серік Алмажанов, тасымалдау құжаттарын өңдеу орталығының бастығы Бақтыгүл Арықбаева болды.

Бейнеу айналым депосынан ТҚҚ-2 жөндеуші Алий Халиманов, тепловоз машинистері Сағындық Тұрақбаев, Көбейсін Жайылханов, Аманжол Маңдыбаев, Мамыт Қозыбеков, Камалатдин Қаржауов, инженер-технолог Саламат Есбергенов, депо кезекшісі Қайрат Берназаров пен нарядшы Алтынгүл Хайдарова, оператор Маржан Хайдарова лайық деп табылды.

Жаңаөзен айналым депосынан Маңғыстау локомотив депосы бастығының сол жердегі орынбасары Аманжол Аралбеков, таспа тексеруші инженер Аруу Досбосынова, ал Шетпе станциясынан маневрлік тепловоз



машинисі Бердіғали Ерниязов мерейтойлық медаль иегері атанды.

– ҚТЖ мерейтойы – теміржолшының мерейтойы. Сондықтан марапаттарды теміржолшылардың жұмыс орнына барып, ұжым ортасында, салтанатты түрде табыстаудамыз. Бұл енді ғана еңбекке араласып келе жатқандарға үлгі болады және олар теміржолдың тағлымды тарихымен танысып, кәсібіне құрметі арта түседі деген сенімдеміз. Марапатталған азаматтардың қай-қайсы болсын, ең кемі 25-30 жылдан еңбек өтілі бар. ҚТЖ-мен бірге жасасып келе жатқан олар қандай құр-

метке де болсын лайық, – дейді Маңғыстау локомотив пайдалану депосы кәсіподақ ұйымының төрағасы Әбілсейіт Нәбижанов.

Орайы келгенде айта кетейік, Келік қызметкерлері күніне орай жылдың «Үздік маман», «Кәсібі бойынша үздік» номинациясын алғандар да осы деподан шыққан еді. Машинист-нұсқаушы Өмірбай Бисенов «Үздік маман», машинист Құантай Алижанов «Кәсібі бойынша үздік» атанған. Ал тепловоз жөндеуші Жаңдос Ниязов «Адал еңбегі үшін» белгісімен марапатталған.

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау  
Суретті түсірген автор

## Спорт

### ТУРНИРДЕ – БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ

**Тараз төріндегі «Тараз-Арена» спорт кешенінде жыл сайын «Отбасы күніне» орай өтетін дәстүрлі «Бір атаның балалары футбол ойнайды» республикалық турнирі болып өтті.**

Турнирге еліміздің түкпір-түкпірінен 33 команда қатысты. Биыл осымен 21 рет ұйымдастырылып отырған шараға соңғы 6 жылда үздіксіз қатысып келе жатқан Арыс станциясынан келген Жаңабаетар командасы да қатысты. Әйгілі теміржолшылар династиясын құрайтын әулет мүшелерінен жасақталған командаға жетекшілік ететін Панзарбек Жаңабаетар бүгінде зейнеткер. Қырық бес жыл Арыс белгі беру және байланыс дистанциясынан электромеханик болып еңбек еткен. Бір қызығы, бұл команда барлық жарыстарда «Қазақстан темір жолы» компаниясының өкілі ретінде қатысып жүр екен. Өйткені, теміржолшылар арасынан мұндай жаңалық команда бұрын-соңды болмаған екен.



– Ата-анамыз теміржолшылар болған соң, өзіміз Арыста туған соң біздің теміржолшы болуымыз заңдылық деп ойлаймын. Отбасында жеті ұлым, жетеуім де болат жолда еңбек етіп, нәпақамызды осы саладан таптық. Ағам екеуміз қазір зейнеттеміз. Бірамыз спортқа жақын болған соң, ағайындылар бір команда құрып, бірнеше жыл болды түрлі жарыстарға қатысып ойнап жүріміз, – дейді команда капитаны.

Айтуынша, бүгінде Арыс станциясында 8 теміржолшылар командасы бар. Оларды осындай жарыстарға қатысуға шақырса, демеушілердің жоқтығынан, қолдың қысқалығынан бара алмай жатады екен. Ал, Жаңабаетар жарыстарға өз қаржысымен барады. Осыны Ұлттық компанияның тиісті мамандары ескерсе дейді. Екі күнге созылған доп додасының алғашқы ондығына енгенімен, кейінгі ойындарда бағы мен бабы келіспей, жүделі орындарға ілінбеген теміржолшылар командасының басты ұстанымы «Міндет жеңу емес, қатысу» екен.

**Ерман ӘБДИЕВ, Тараз**  
Суретті түсірген автор

## АРДАГЕР АНАНЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Тағдырын теміржолмен байланыстырған жандардың бірі – қызылордалық Назымхан апа. Күні кеше жетпіс жасқа толған ардагерді әріптестері құттықтап, құрмет көрсетті.**



Теміржол саласының дамуына түп-тура қырық жыл үлес қосқан Назымхан Оразбаева еңбек жолын тауар кеңесінен бастапты. Мектеп бітірісімен бірден жұқ және бағаж қабылдап-тапсырушы болып жұмыс істеуге кіріспті. 40 жыл бір орында тапжылмай еңбек етіп, сол қызметтен зейнетке шыққан. Станциялықтар қарапайым қазақ әйелінің кәсіпке деген адалдығы мен жауапкершілігін әрдайым жастарға үлгі етіп айтып отырады.

Қызылорда қосалқы бөлімі кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көлірбергін ардагерлер кеңесінің өкілі Ахмедияр Пірімбетов және «Аманат» партиясы «Теміржол» филиалының атқарушы хатшысы Базара Фанбаева Назымхан апаның шаңырағына арнайы барып, ардагерді мерейлі жасымен құттықтады.

– Дүниеге 5 бала әкелдім, жолдасымның денсаулығы сыр беріп, ауру-сырқаулы болды. 15 жылдан аса пәтерден-пәтерге көшіп жүріп жұмыс істедім. Жолдасым өмірден озды. Балаларымды жетілдіру үшін жұмыстан қалмай, ретсіз сұранбай, абыроймен атқаруға күш салдым. Одан жаман болған жоқпын, шүкір, соның арқасында еңбегім бағаланып, марапат та алдым, теміржолдан 4 бөлмелі үй де алдым. Өмірге де, теміржолға да өкпем жоқ. Қазір 14 немерем, 3 шөберем бар, ең бай әжемін, – деп тағдырына ризашылық білдірді ардагер ана.

Мерейтой несіне партия мен ардагерлер кеңесі атынан алғыс хат тапсырылып, кәсіподақ ұйымы атынан сый-сияпат жасалды. **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда**  
Суретті түсірген автор

## НА СТАРТ, ВНИМАНИЕ, МАРШ!



**Железнодорожники АО «НК «ҚТЖ»» приняли участие в забеге ERG Run Fest Pavlodar. Впервые участники спортивного мероприятия могли официально преодолеть марафонскую дистанцию в 42,2 километра.**

В забеге, собравшем порядка 1 500 человек, приняли участие сотрудники стальной магистрали из Нур-Султана, Семей и Павлодара. Помимо «королевы» марафонского забега – 42 километра 195 метров – любители спорта смогли проверить свою выносливость в ERG Run Fest Pavlodar на дистанциях пять километров, 10,5 километра и в полумарафоне – 21,1 километра. В последнем и приняли участие железнодорожники. Один из них – главный менеджер департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ»» Руслан Молдағалиев, дети которого тоже приняли участие в детском забеге. Стоит отметить, что у спортсмена подрастает целая олимпийская команда. А в 2017 году он организовал клуб бегунов-железнодорожников Railways Athletics Club, насчитывающий сегодня порядка 70 человек, с каждым годом их ряды пополняются новыми спортсменами-железнодорожниками.

– Это мой второй забег после травмы, которую получил на марафоне Arbura Bay Trail в Боровом. Результат – 21,1 километра за один час 45 минут. Хороший показатель, думаю. В ERG Run Fest Pavlodar приняли участие мои дочери Гаухар и Жұлдыз. Доволен их результатами, – рассказывает об итогах

забега Руслан Молдағалиев. – Спортсом занимаюсь с 2016 года. Правда, поспособствовало этому печальное событие в моей жизни: в 2015 году скончался мой отец от инфаркта. Тогда я понял, что предотвратить сердечно-сосудистые заболевания и их последствия можно, один из методов – активный образ жизни. Так и начал заниматься кардиотренировками. Любовь к спорту прививаю и своим сыновьям и дочкам.

Начальнику технического отдела Семейского отделения магистральной сети Нурлану Бегадилову не хватило минуты для того, чтобы занять третье место в полумарафоне. Но мужчина не отчаивается, главное – победа, а участие. К тому же впереди еще несколько забегов. Например, 25 сентября железнодорожник примет участие в ежегодном Almaty Marathon.

– Активным образом жизни начал заниматься после 40 лет, когда появились первые проблемы со здоровьем: лишний вес, одышка. Записался на кроссфит в 2015 году, после приобрел велосипед, и начался тренировка. Первый мой марафон – это забег от АО «НК «ҚТЖ»» в 2019 году на десять километров. Сегодня готовлюсь к следующим соревнованиям, – делится своими



впечатлениями Нурлан Бегадилов. Стоит отметить, что Павлодарское отделение ПТ представлял заместитель начальника по производству Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо Ержан Кельдибаев. Его дистанция составила десять километров.

Представители общественного объединения Freedom Team говорят, что не ожидали такого наплыва желающих поучаствовать в забеге. В основном сегодня были спортсмены из Павлодарской области, регистрировались бегуны из Актобе и Караганды. Представитель общественного объединения Freedom Team, принимавший участие в организации забега, Булат Ордабаев рассказал, что спортсмены, занимающиеся бегом, давно хотели провести марафон в Павлодаре. Получилось организовать его именно сейчас.

– Организация забега была на высшем уровне, компания ERG постаралась.

Огромную поддержку оказали павлодарские коллеги, которые пришли поболеть за нас с шарами и плакатами, – директор Павлодарского отделения ПТ Мухтар Жамбулов, директор Павлодарского отделения магистральной сети Марат Жунусов, главный инженер НЖС Павлодар Казбек Оспанов, РБ Павлодар Танирберген Кусайнов. Отдельную благодарность хотел бы выразить нашему профсоюзу, который всегда нас поддерживает морально и материально, – добавил Руслан Молдағалиев.

Сейчас железнодорожники-бегуны готовятся к забегу от АО «НК «ҚТЖ»», который пройдет в Нур-Султане 25 сентября. Павлодарскую область, возможно, представит заместитель начальника по производству Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо Ержан Кельдибаев.

**Айдана ЕРТАЙ, Павлодар**  
Фото автора

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**  
Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылтын қалалар:**  
Нур-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Л. Ровба, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушанова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Кудабәев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нур-Сұлтан қ., Д. Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.